

«6D060700 - Биология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Талдыбай Ақнұр Алтыбайқызының «Жетісу Алатауының пайдалы осімдіктерінің қазіргі жағдайы және оларды тиімді пайдалану жолдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшілік

П И К I Р I

Қазақстан Республикасының жер аумағында осімдік қорларын зерттеу мен оларды тиімді пайдалану, қайта қалпына келтіру (жаңғырту), қорғау мақсаты аса өзекті мәселелердің бірі. Республикамызда табиги флораның құрамындағы тұтқіті осімдіктер түрлерінің саны 6000-ға дейін жетеді. Олардың ішінде 3000 түрінен астамы пайдалы осімдіктер болса, ал 1300-ден астамы дәрілік осімдіктерге жатады. Қазақстан тауларының осімдік жамылғысында шикізаттың бірегей қорлары мен ең бай осімдік генофоны шоғырланған, сондықтан таулы орман экожүйелерінің биологиялық алушантүрлілігін сактау және ұтымды пайдалану экологиялық, экономикалық және әлеуметтік маңызды болып табылады.

Талдыбай Ақнұр Алтыбайқызы диссертациялық жұмысы бойынша 2018-2024 жылдар аралығында Жетісу Алатауының солтүстік-батыс аумағындағы пайдалы осімдіктердің (*Inula helenium* L., *Origanum vulgare* L., *Achillea millefolium* L., *Hipericum perforatum* L., *Ajania fastigiata* Poljakov., *Artemisia frigida* Willd., *Saussurea elegans* Ledeb.) қорларын анықтап, қазіргі жағдайын зерттеген. Зерттеу аймағында 37 тұқымдас пен 125 туысқа жататын дәрілік осімдіктердің 201 түрін анықтаған. Оның 24 тұқымдаска, 56 туысқа жататын 71 түрінің гербариий АА-халықаралық индексі бар гербарий қорына откізген, Қазақстанның қызыл кітабына енген 2 осімдік түрінің (*Paeonia anomala* L., *Malus siversii* (Ledeb.) M.Roem.,) тұқымдары «Қазақстанның табиги флорасының гендік банкіне» откізген, нәтижесінде 2 ендіру актісін алды.

Перспективті түрлерге жататын әлі толық зерттелмеген *Saussurea elegans* Ledeb., *Ajania fastigiata* Poljakov., *Artemisia frigida* Willd. осімдіктерінің вегетативтік мүшелерінің анатомиялық құрылышы ерекшеліктерін және фитохимиясын зерттеді.

Ajania fastigiata алғаш рет қант диабеті мен тұмауга қарсы белсенделіктері жоғары деңгейде екендігін корсеткен, патент алуға откізілді.

Іздешуші зерттеу жұмыстарында далалық және зертханалық зерттеулерді озара байланыстыра отырып құнды нәтижелерге қол жеткізді.

Ақнұр Алтыбайқызы озін далалық зерттеу кезінде аса белсенді, алдына қойған мақсаттарын мүкият орындауды. Диссертациядағы дәлелді материалдарды (суреттерді, гербарийлерді т.б.) озі жасады. Фитохимиялық зерттеулерді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Дәрілік осімдіктерді зерттеу» орталығында жасады, сол жерден стажировқадан отті (ковитке байланысты). Диссертациялық жұмысы Ректорлық грант (2020 ж.) аясында жасалды. Өзінің еңбекшілік, жауапты, копшіл мінезіне байланысты

далалық зерттеу кезінде ғалымдармен қызығушылықтары үндесіп, камералық ондеу жұмыстары «Жоғары сатыдағы өсімдіктер» және «Геоботаника» зертханасында жасады, яғни далалық экспедиция кезінде жиналған гербариylіk материалдар оңцелді және осімдік түрлері анықталды. Зерттеу аймағының координаттары Garmin GPSMAP 62 s GPS навигаторы көмегімен алынды. Жұмыс барысында флористикалық талдау жалпы қолданылып жүрген тәсілдермен жүргізілді.

Диссертациялық мазмұнына сәйкес 10 ғылыми еңбек баспадан шықты: Web of Science және Scopus қорына кіретін – 1 (Q1, процентилі-85), Scopus қорына кіретін – 1 (Q2, процентилі-59), КОКСОН – 3, халықаралық ғылыми-практикалық конференция – 3, Республикалық журналдарда - мақала жарияланған.

Талдыбай Ақнұр Алтыбайқызы «Жетісу Алатауының пайдалы өсімдіктерінің қазіргі жағдайы және оларды тиімді пайдалану жолдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы теориялық және тәжірибелік маңызы бар ғылыми негізделген, толық аяқталған жұмыс, сондықтан «6D060700- Биология» мамандығы бойынша философия ғылымдарының PhD доктор дәрежесін алу үшін қоргауга ұсынамын.

**Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті,
биология кафедрасының
қауым профессоры, б.ғ.д.**



РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы Қазақстан Университеті»
КАДР САСАТЫ БАСКАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕҢІСІ
Айдарбаева Д.Ж.
ЗАВЕДУЮЩИЙ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «ҚазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ